

## Анықтама

**Іс-шара атауы:** ҚР ҰҚК Шекара қызметі Академиясының насихаттық кездесуі

**Күні:** 26.09.2025 ж.

**Қатысушылар:** 10–11 сынып оқушылары

**Өткізген:** ҚР ҰҚК ШҚ қызметкері Мұханбетов Т. Х. **Өткізілген орны:** мектептің акт залы

**Қысқаша мазмұны:** 26 қыркүйек күні мектебімізде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қызметкері Мұханбетов Т. Х. қатысуымен насихаттық кездесу өтті. Кездесу барысында Алматы қаласында орналасқан ҚР ҰҚК Шекара академиясы туралы толық ақпарат беріліп, оқуға түсу шарттары мен әскери қызметтің маңызы түсіндірілді. Академияға түсуге ниет білдіргендердің тізіміне 11 «Ә» сынып оқушысы Қаратай Саят енгізілді.



**Қорытынды:** ҚР ҰҚК ШҚ Академиясының өкілі Мұханбетов Т. Х. жүргізген насихаттық кездесу оқушылар үшін мазмұнды әрі пайдалы болды. Оқушылар әскери қызметтің маңызын түсініп, болашақ мамандық таңдауда қажетті ақпараттар алды. Іс-шара соңында оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап беріліп, оқуға түсуге ниетті үміткерлер анықталды. Бұл шара мектеп бітіруші түлектердің отансүйгіштік сезімін оятуға және әскери мансапты жоспарлауға зор септігін тигізді.

## Анықтама

**Іс-шара атауы:** Жоғары техникалық колледжіне кәсіби бағдарлық экскурсия

**Күні:** 29.09.2025 ж.

**Қатысушылар:** 9-сынып оқушылары

**Мақсаты:** оқушыларды техникалық мамандықтармен таныстыру, болашақ кәсіби бағытын анықтауға және колледжде білім алуға қызығушылығын арттыру.

**Өткізілген орны:** Жоғары техникалық колледжі

**Қысқаша мазмұны:** 29 қыркүйек күні 9-сынып оқушыларына арналған кәсіби бағдарлық экскурсия өткізілді. Экскурсия барысында оқушылар колледждің оқу кабинеттерімен, зертханаларымен және мамандық бағыттарымен танысты.



**Қорытынды:** Өткізілген кәсіби бағдарлық экскурсия қойылған мақсатына толық жетті. Колледждің оқу кабинеттері мен мамандық бағыттарын өз көзімен көрген оқушылар техникалық салаға үлкен қызығушылық танытты. Іс-шара нәтижесінде 9-сынып бітірушілері орта арнаулы білім алудың артықшылықтары мен мүмкіндіктері туралы толық мәлімет алды.

## Анықтама

**Іс-шара атауы:** «Мамандық әлемі: кеше, бүгін, ертең» тренингі

**Күні:** 08.10.2025 ж.

**Қатысушылар:** 11 «А» және 11 «Ә» сынып оқушылары

**Мақсаты:**

- Оқушыларға мамандықтардың дамуы мен өзгеруі туралы түсінік беру;
- Өткен, қазіргі және болашақ мамандықтар арасындағы айырмашылықты анықтау;
- Жаңа, заманауи мамандықтармен таныстыру және өз болашағын ойлауға бағыттау.

**Қысқаша мазмұны:**

08 қазан күні мектебімізде «Мамандық әлемі: кеше, бүгін, ертең» атты тренинг өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар мамандықтардың даму тарихымен, қазіргі еңбек нарығындағы өзгерістермен және болашақта пайда болатын жаңа бағыттармен танысты. Тренинг оқушылардың кәсіби бағдарын айқындауға және саналы түрде мамандық таңдауға бағытталды.



**Қорытынды:** Тренинг барысында оқушылар мамандықтардың өткеннен бүгінге дейінгі эволюциясын түсініп, қазіргі еңбек нарығындағы үрдістер мен болашақта қалыптасатын жаңа бағыттар туралы тереңірек ақпарат алды. Іс-шара олардың кәсіби қызығушылықтарын айқындап, саналы таңдауға деген ынтасын арттырды.

**Ұсынымдар:**

- Оқушыларға болашақ мамандықтарға қатысты қосымша зерттеу жұмыстарын жүргізуге жағдай жасау.
- Әртүрлі сала мамандарымен кездесулер ұйымдастырып, тәжірибелік ақпарат ұсыну.
- Кәсіби бағдарлау бойынша тренингтерді жүйелі түрде өткізу арқылы оқушылардың таңдау жасау дағдыларын дамыту.
- Еңбек нарығындағы өзгерістерді талқылайтын топтық жобалар мен презентациялар дайындауды ұсыну.

**Сілтеме:**

## Анықтама


**Іс-шара атауы:** ҰБТ бойынша ақпараттандыру жұмысы

**Күні:** 09.10.2025 ж.

**Қатысушылар:** 11-сынып оқушылары

**Мақсаты:** 11-сынып оқушыларын Ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық үдерісімен, оның өткізілу ережелерімен және талаптарымен ақпараттандыру.

**Қысқаша мазмұны:** 09 қазан күні 11-сынып оқушыларына арналған ҰБТ бойынша ақпараттандыру жұмысы жүргізілді. Іс-шара барысында оқушыларға тестілеудің құрылымы, пәндерді таңдау тәртібі, тест тапсыру кезеңдері мен жаңа өзгерістер туралы мәлімет берілді. Сонымен қатар, дайындық кезеңінде тиімді оқу әдістері мен психологиялық дайындықтың маңызы талқыланды.



**Қорытынды:** Ақпараттандыру жұмысының нәтижесінде 11-сынып оқушылары ҰБТ-ның құрылымы мен өткізілу ережелері туралы толық мәлімет алды. Оқушылар пәндерді таңдау тәртібі мен тестілеудегі жаңа өзгерістермен танысып, емтиханға дайындықтың маңыздылығын түсінді. Сондай-ақ, тиімді оқу әдістері мен психологиялық дайындық бойынша берілген кеңестер оқушылардың емтихан алдындағы сенімділігін арттыруға мүмкіндік берді.

## Анықтама

**Іс-шара атауы:** «Мамандықтар лабиринті» кәсіби ойын

**Күні:** 10.10.2025 ж.

**Қатысушылар:** 9-сынып оқушылары

**Мақсаты:** Оқушыларды түрлі мамандықтармен таныстыру, өз қызығушылығын анықтауға көмектесу және кәсіби ойлау қабілетін дамыту.

**Қысқаша мазмұны:** 10 қазан күні 9-сынып оқушылары арасында «Мамандықтар лабиринті» атты кәсіби ойын өткізілді. Іс-шара барысында оқушылар түрлі тапсырмалар арқылы мамандықтар әлемін зерттеп, өз қабілеттері мен қызығушылықтарын айқындады. Ойын форматы арқылы кәсіби бағдар беру тиімді жүзеге асырылып, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығы артты.



**Қорытынды:** «Мамандықтар лабиринті» ойыны барысында оқушылар түрлі мамандықтармен танысып, өз бейімділіктерін саралай алды. Іс-шара нәтижесінде оқушылардың кәсіби таңдауға деген қызығушылығы артып, болашақ мамандығын анықтауға бағытталған кәсіби ойлау қабілеттері дамыды. Белгіленген мақсат толық орындалды.

## Анықтама

**Іс-шара атауы:** «Колледж бен университет: артықшылықтары мен мүмкіндіктері» дөңгелек үстел

**Күні:** 15.10.2025 ж.

**Қатысушылар:** 9-сынып оқушылары

**Мақсаты:** Оқушылардың болашақ мамандық таңдауына бағыт беру, колледж бен университеттің айырмашылығын түсіндіріп, әрқайсысының артықшылықтары мен мүмкіндіктерін талдауға үйрету.

**Қысқаша мазмұны:** 15 қазан күні 9-сынып оқушылары арасында «Колледж бен университет: артықшылықтары мен мүмкіндіктері» атты дөңгелек үстел өткізілді. Оқушылар екі топқа бөлініп, бір топ колледждің артықшылықтары мен мүмкіндіктерін, екінші топ университеттің басым тұстарын талқылады. Пікірталас барысында оқушылар өз ойларын дәлелдермен негіздеп, белсенді қатысып, әртүрлі көзқарастарды салыстыра білді.



**Қорытынды:** Дөңгелек үстел барысында оқушылар колледж бен университеттің ерекшеліктерін жан-жақты талдап, оқу орындарының басым тұстарын салыстыра білді. Нәтижесінде, қатысушылардың болашақ білім алу жолын таңдаудағы түсініктері кеңейіп, өз ойларын дәлелдермен негіздеу дағдылары қалыптасты. Оқушыларға кәсіби бағыт-бағдар беру мақсаты толық орындалды.

